Үкіметке Ұлттық Банктен бірлесіп, жыл соңына дейін Ұлттық қордың қаржысына иелік етуді жетілдіру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын.

Сегізінші. Еңбекақы төлеу деңгейін арттыру.

Кен өндіру саласындағы ірі кәсіпорындардың табысы артқанмен азаматтарымыздың жалақысы айтарлықтай еспегенін көріп отырымыз.

Халықтың әлеуметтік жағдайы туралы айтылып отырғандықтан, Үкімет бұл мәселеге қатысты табандылық танытуы керек.

Үкіметке еңбекақы төлеу қорын арттыру үшін жұмыс берушілерді ынтыластыру мәселесін пысықтауды тапсырамын.

IV. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ.

Еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс – экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу.

Әлеуметтік салада мынадай бағыт-тарға баса мән беру керек.

Бірінші. Білім беру сапасын жақсарту.

Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ.

Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған.

Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады.

Жастардың бұл тобы жұмыссыздар мен маргиналдардың негізін құрайды. Олар амалының жоқтығынан қылмыстың және экстремистік ағымдардың ықпалына түседі.

Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет.

Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс.

Экономикамызда техника саласының мамандарына сұраныс өте жоғары, бірақ мүмкіндіктен аз. Кәсіпорындар тиісті мамандарды шетелден шақыруға мәжбүр. Осындай келеңсіз жағдайды жедел түзетуіміз керек.

Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің сапасы алшақтап барады.

Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы.

Сондықтан «Дипломмен - ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жаңа деңгейде жалғастыруымыз қажет. Үкіметке келесі жылдан бастап осы бағдарламаны қаржыландыруды 20 млрд.теңгеге жеткізуді тапсырамын.

Дарынды ауыл жастарын іріктеп, отандық және шетелдік жоғары оқу орындарына дайындау керек.

Аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау үшін Үкіметке Дарынды баланың қабілетін дамытудың жол картасын әзірлеуді тапсырамын.

Үкімет пен өкімдер осындай балалардың үйірмелер мен орталықтарға, жазғы лагерлерге баруы үшін

мүмкіндік жасауы керек. Енді жоғары білімнің сапасына жеке тоқталғым келеді.

Өз түлектерін жұмыспен қамту жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарының жартысы ғана 60 пайыздық деңгейге қол жеткізіп отыр.

Сондықтан олардың санын қысқарту мәселесін қарау керек.

Терең білім берудің орнына диплом сатумен айналысқан университеттеріміз бар екені де жасырын емес.

Бірінші кезекте соларға тыйым салу арқылы біз оқу орындарындағы білім беру сапасын арттыруға күш саламыз.

Білім саласына қатысты тағы бір мәселе – қаржыландырудың бір-келкі болмауы және өңірлік басқарудың қазіргі жүйесінің тиімсіздігі.

Білім бөлімдерін басқару және бюджет қаржысын өкімшілендіру функцияларын аудандық деңгейден облыстық деңгейге беру керек.

Білім берудің барлық деңгейінде дербес қаржыландыру тәртібін енгізу қажет.

Тағы бір өзекті мәселе. Бұл – оқулық сапасының төмендігі.

Оқушыларды сапалы оқулықтармен қамтамасыз ету – тиісті министрліктің тікелей міндеті.

Мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартпасақ, бұл шаралар жүзеге аса қоймайды.

Сондықтан мен Тамыз конференциясында алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің еңбек ақысын екі есе арттыруды тапсырдым. Бұл – келесі жылдан бастап ұстаздардың жалақысы 25 пайызға өседі деген сөз.

Особого внимания требует ситуация в науке. Без нее мы не сможем обеспечить прогресс нации. Другое дело, насколько качественна и эффективна наша наука?

Правительству следует рассмотреть данную проблему под углом зрения повышения уровня научных исследований и их применения на практике.

Второе. Поддержка института семьи и детства, создание инклюзивного общества.

Вопросы защиты прав ребенка и противодействия бытовому насилию должны быть нашим приоритетом.

Следует целенаправленно заняться проблемой высокой суицидальности среди подростков.

Нам предстоит создать целостную программу по защите детей, пострадавших от насилия, а также их семей.

Особое внимание должно уделяться семьям, у которых на попечении находятся дети с ограниченными возможностями. Только по официальной статистике на учете по инвалидности состоит более 80 тысяч детей.

Правительству следует разработать меры по улучшению медицинского и социального сопровождения детей с диагнозом ДЦП.

Необходимо расширить сеть малых и средних центров реабилитации для детей в «шаговой доступности».

Мы обязаны создавать равные возможности для людей с особыми потребностями.

Я говорил об этом в рамках своей предвыборной платформы. Теперь поручаю Правительству выделить на данные цели не менее 58 млрд. тенге в течение трех лет.

Особого внимания требуют вопросы укрепления здоровья нации. Важно развивать массовый спорт среди всех возрастных групп населения.

Нужно обеспечить максимальную доступность спортивной инфраструктуры для детей.

Развитие массовой физической культуры должно стать пирамидой, на вершине которой будут новые чемпионы, а у её основания мы получим здоровую, активную молодёжь и, в конечном счете, сильную нацию.

Необходимо законодательное обеспечение этого курса, а также принятие Комплексного плана по развитию массового спорта.

2020 год объявлен «Годом волонтера». Актуальная задача – расширить участие граждан, особенно молодежи, студентов и учащихся в добровольческой деятельности, привлечь им навыки активной жизненной позиции. Это важная составляющая часть нашей работы по укреплению гражданского общества.

Третье. Обеспечение качества и доступности медицинских услуг.

Здесь дают о себе знать региональные дисбалансы в показателях здоровья населения, особенно по материнской и младенческой смертности.

Да, этот показатель снижается, но все еще высок и значительно пре-

вышает уровень развитых стран. Правительству предстоит создать перечень приоритетов для каждого региона по конкретным нозологиям в медицине и внедрить бюджетное финансирование на его основе.

С 1 января 2020 года в Казахстане запускается система обязательного социального медицинского страхования.

Хочу донести до каждого: государство сохраняет гарантированный объем бесплатной медицинской помощи. На его финансирование будет направлено более 2,8 трлн. тенге в течение следующих трех лет.

В свою очередь, реализация ОСМС призвана улучшить качество и доступность медицинских услуг.

В рамках трехлетнего бюджета будет направлено дополнительно более 2,3 трлн. тенге на развитие системы здравоохранения.

Правительству нужно предельно ответственно подойти к вопросу реализации социального медстрахования во избежание его очередной дискредитации.

Права на ошибку у нас уже нет.

Төртінші. Мәдениет қызметкерлерін қолдау.

Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз.

Бұл – ең алдымен, кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе.

Олардың еңбекақысы соңғы жылдары мүлде көбейген жоқ.

Соның салдарынан мәдениет қызметкерлері, әсіресе жас мамандар жеңілдігі бар тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алмайды.

Мұндай ахуал осы кәсіптің беделін түсіріп, лайықты кадрлардың тапшылығы айқын сезіледі.

Келесі жылдан бастап Үкімет мәдениет қызметкерлерінің еңбек ақысын көбейтуі тиіс.

Сондай-ақ, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы міндетті әлеуметтік жеңілдіктер мәдениет саласының өкілдеріне де берілуі керек.

Пятое. Дальнейшее развитие системы социальной поддержки.

Государством предпринимаются все меры для поддержки нуждающихся граждан.

Но ряд принятых решений были не совсем выверены.

В результате мы получили серьезный рост патерналистских настроений. За 5 лет численность получателей адресной социальной помощи в Казахстане выросла с 77 тыс. человек до более чем 1,4 млн.

Объем выделяемых из бюджета средств на социальную поддержку с 2017 года увеличился в 17 раз и более.

Другими словами, все больше людей предпочитают не работать либо, что еще хуже, утаивают свои доходы для получения социальной помощи. Факты получения социальной помощи состоятельными семьями оспешались в средствах массовой информации.

Еще раз отмечу. Наше государство по Конституции является социальным и поэтому должно выполнять свои обязательства перед гражданами.

Правительство в своей работе обязано исходить из этого принципа, а резервы необходимо находить за счет снижения на нет всех неэффективных расходов и повышения доходов.

Такие резервы, безусловно, имеются. Министерство финансов проводит работу по увеличению доходов. Но нужны дополнительные усилия. Например, в отношении таможи.

Елбасы на заседании политсовета партии «Nur Otan» обратил особое внимание на упорядочение процесса государственных закупок. Министерство финансов приступило к оптимизации закупок, но необходимы меры законодательного характера.

Госзакупки тяят в себе огромный резерв (по некоторым подсчетам до 400 млрд.тенге в год), который мог бы пойти на решение острых социальных вопросов.

В 2018 году объем госзакупок составил 4,4 трлн. тенге, из которых 3,3 трлн. тенге или 75% осуществлены неконкурентным способом из одного источника.

Пора закрыть эту «кормушку» для чиновников и разного рода «прилипал».

Возвращаясь к адресной социальной помощи, Правительству следует скорректировать механизм ее выделения, чтобы она стала прозрачной, справедливой, мотивировала к труду, а не к праздному образу жизни. Помощь в основном должны получать те, кто трудится.

В то же время нужно позаботиться

о детях из малообеспеченных семей. Для них необходимо ввести гарантированный социальный пакет – регулярную помощь детям дошкольного возраста, бесплатное горячее питание для всех школьников, обеспечение их учебными принадлежностями и формой, оплату медицинской, в том числе стоматологической помощи, возмещение затрат на проезд в общественном транспорте.

Все эти меры должны вступить в действие с 1 января 2020 года. Правительству совместно с НПП «Атамекен» предстоит срочно, в течение месяца, разработать специальную программу вовлечения многодетных матерей в микро и малый бизнес, в том числе на дому.

Шестое. Отдельно хочу обратить внимание на развитие отечественной пенсионной системы, в которой накопились серьезные проблемы. На текущий момент проблема недостаточности пенсионных сбережений не столь ошутима. Однако уже через 10 лет ситуация может измениться. Количество работающих граждан, производящих пенсионные накопления, заметно уменьшится, в то время как количество пенсионеров возрастет. При этом уровень накоплений и инвестиционных доходов, получаемых с пенсионных активов, остается низким.

Поэтому Правительству совместно с Национальным банком следует провести серьезную работу по повышению эффективности пенсионной системы.

Сейчас работающему человеку пользоваться пенсионными накоплениями можно только после выхода на пенсию. Но понятно желание людей использовать эти средства еще до выхода на пенсию.

Поручаю Правительству до конца года проработать вопрос целевого использования работающими гражданами части своих пенсионных накоплений, например, для покупки жилья или получения образования.

В целях оптимизации затрат и улучшения качества инвестиционного управления активами поручаю Правительству изучить вопрос консолидации внебюджетной системы социального обеспечения путем создания единого социального фонда и введения одного социального платежа.

V. СИЛЬНЫЕ РЕГИОНЫ – СИЛЬНАЯ СТРАНА.

В этом направлении нужно сосредоточиться на следующих задачах.

Первое. Повышение эффективности работы местных органов власти.

У людей всегда должен быть доступ к местным властям. Это – аксиома, но не реальность.

Считаю возможным в качестве пилотного проекта внедрить систему оценки населением эффективности работы местной власти.

Например, если в результате опроса или онлайн-голосования более 30% жителей считают, что аким города или села неэффективен – это основание для создания Административной Президента специальной комиссии с целью изучения возникшей проблемы с внесением соответствующих рекомендаций.

Второе. Реформа системы межбюджетных отношений.

Очевидно, что текущая система межбюджетных отношений не стимулирует акиматы всех уровней к созданию собственной базы развития – малого и среднего бизнеса. Регионы слабо мотивированы на поиск дополнительных источников доходов.

Со следующего года в распоряжение регионов передаются дополнительные налоговые поступления от МСБ.

Но этого недостаточно. Назрела необходимость пересмотра организации бюджетного процесса на всех уровнях. Большую роль в этой работе должно сыграть реальное вовлечение населения в формирование местных бюджетов.

Районный, городской и сельский уровни власти должны стать экономически более самостоятельными в решении задач местного значения. Их права, обязанности и ответственность следует четко урегулировать в законодательных актах.

Третье. Управляемая урбанизация и единая жилищная политика.

Принятые ранее законы «О статусе столицы» и «Об особом статусе города Алматы» сыграли свою позитивную роль, но сегодня нуждаются в совершенствовании.

Необходимо расширить компетенции акиматов трех самых

крупных городов, в том числе и в области градостроительной политики, транспортной инфраструктуры, формирования архитектурного облика.

Большое количество населения городов республиканского значения это уже не предмет гордости, а основание для обеспокоенности с точки зрения полного обеспечения социально-экономических потребностей жителей.

Мы наблюдаем перенаселенность крупнейших городов и в то же время нехватку людских и трудовых ресурсов в таких городах как, например, Павлодар и Петропавловск, где создаются надлежащие условия для приема новых жителей.

Правительству должно принять действенные меры по управлению миграционными процессами.

В своей предвыборной программе я отметил необходимость разработки единой жилищной политики.

Основной принцип – повышение доступности жилья, особенно для социально-уязвимых слоев населения.

Правительству необходимо разработать единую модель жилищного развития в стране, отойти от практики принятия разрозненных между собой программ.

Например, в рамках программы «7-20-25», которая изначально предполагалась как социальная, средний уровень семейного дохода заемщика должен составлять около 320 тыс. тенге в месяц. Людям с небольшим уровнем доходов участие в ней оказалось не по карману.

Поэтому в этом году по инициативе Елбасы запущена новая программа «Бақытты Отбасы» с льготной ставкой в 2% и первоначальным взносом 10%. Это весьма выгодные условия.

До конца года не менее 6 тыс. семей приобретут жилье в рамках этой программы. В первую очередь, многодетные семьи и семьи, воспитывающие детей-инвалидов. С 2020 года 10 тысяч таких семей ежегодно будут обеспечиваться жильем.

Правительству следует определить четкие критерии для участия в программе и обеспечить ее жесткое администрирование. Поддержка должна предоставляться исключительно тем, кто в ней действительно нуждается.

Мое поручение Правительству – в течение трех лет решить вопрос предоставления жилья малообеспеченным многодетным семьям, стоящим в очереди. Их у нас около 30 тысяч.

Гражданам, которые не располагают доходами для приобретения жилья в собственность, надо дать возможность проживания на условиях социальной аренды.

На эти цели к 2022 году государством будет выделено свыше 240 млрд. тенге.

Следует разработать новые меры вовлечения частного бизнеса в эту работу, задействовать механизмы государственно-частного партнерства.

Люди недовольны непрозрачным процессом формирования и продвижения очередности при предоставлении акиматами социальных квартир.

Правительству до конца года следует создать единую национальную систему учета очередников на арендное жилье, а также на получение льготных жилищных займов по программе «Бақытты Отбасы».

Несмотря на снижение износа коммунальных сетей с 65% до 57%, данный показатель остается высоким.

Кроме того, из 78 тысяч многоквартирных домов более 18 тысяч требуют ремонта.

Необходимо выделить регионам не менее 30 млрд.тенге за два года в виде бюджетных кредитов на модернизацию и ремонт жилого фонда.

Поручаю Правительству предусмотреть данный механизм и жестко контролировать эффективность освоения этих средств.

Бюджеты развития регионов к 2022 году превысят 800 млрд. тенге.

Поручаю акимам совместно с местными властями обеспечить направление половины этих средств на софинансирование модернизации ЖКХ и решение актуальных социальных проблем жителей регионов.

Четвертое. Развитие инфраструктуры.

Очевидно, что жители различных регионов страны имеют разный уровень доступа к чистой питьевой воде, природному газу, транспортной инфраструктуре.

Необходимо активизировать работу по нивелированию этого неравенства.

По поручению Елбасы закани-

вается строительство первой очереди магистральной сети газопровода «Сарыарка».

Со следующего года будет начата работа по строительству распределительных сетей в городе Нур-Султан и Карагандинской, а в дальнейшем в Акмолинской и Северо-Казахстанской областях.

На эти цели государство выделяет 56 млрд. тенге. В результате более 2,7 млн. человек получат доступ к природному газу.

В течение следующих трех лет будет выделено порядка 250 млрд.тенге на обеспечение наших граждан чистой питьевой водой и услугами водоотведения.

В поле зрения исполнительной власти должны находиться полная и качественная реализация программ «Нұрлы Жол».

Это стратегический проект, благодаря которому действенная модернизация затронет всю транспортную инфраструктуру.

На эти цели до 2022 года государство вложит более 1,2 трлн. тенге инвестиций.

Правительство и раньше выделяло огромные средства, но они в подавляющем большинстве ушли в песок, а точнее сказать – в карманы чиновников, однако чистой воды, дорог и прочей инфраструктуры так и не хватало.

На этот раз Правительство и Парламент, вместе со Счетным комитетом должны обеспечить абсолютную эффективность использования бюджетных средств.

Правительству необходимо активизировать работу по улучшению экологии, расширению использования возобновляемых источников энергии, культивированию бережного отношения к природе. В этом отношении одобрения заслуживает кампания «*Бірге – Таза Қазақстан!*», которую нужно продолжить.

Парламенту предстоит обсудить и принять новую редакцию Экологического кодекса.

В целом Правительство в предстоящий период должно повысить эффективность своей деятельности. Казахстанцы ждут конкретных результатов.

Құрметті отандастар!

Біз елімізді реформалаудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Осы маңызды міндеттерді сапалы орындауымыз керек.

Еліміздің әрбір тұрғыны өз егерісті сезінуі тиіс.

Мен мемлекеттік органдардан жұмысты жедел атқарып, нақты нәтижеге қол жеткізуді талап етемін.

Реформаны тек реформа үшін жүргізу жол берілмейді.

Әрбір министрде және өкімде нәтижелі жұмысты негізгі көрсеткіштеріңізі тізімі болуы тиіс.

Сол арқылы олардың нақты мақсатқа қол жеткізу деңгейі анықталады.

Үкімет мүшелеріне, мемлекеттік органдар мен өңірлердің, мемлекеттік компаниялардың және мекемелердің басшыларына тиісті реформаның жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

Осыған байланысты, жақында тиісті Жарлыққа қол қойдым. Бұл Жарлықтың аясында елдегі ахуал, соның ішінде аймақтардағы халықтың жағдайы сауалына негізінде нақты бағаланатын болады.

Үкіметтің әлеуметтік және экономикалық саясатқа жауапты құрылымдары қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес алдын-ала нақты жұмыс жүргізуі қажет. Бұл үшін бақылау, талдау және болжау жүйесін неғұрлым күшейту керек.

Сондықтан депутаттарымыздың өтінішіне орай Парламент жанынан Заңнаманы зерделеу және сараптау институтын құру жөнінде тапсырма беремін.

Аталған құрылым заңдарымыздың сапасын арттыруға ықпал етуі тиіс.

Қадірлі қазақстандықтар!

Халқымызды толғандыратын барлық мәселелер бізге белгілі.

Осыған орай, ахуалды жақсарту үшін і

ТАЙСОЙҒАНДАҒЫ ЖАҢА МЕКТЕП ШАҒЫН АУЫЛДЫҢ ШАТТЫҒЫ

1 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ТАЙСОЙҒАН АУЫЛЫНДА БІЛІМ КҮНІ БИЫЛ ҒАНА БОЙ КӨТЕРГЕН ЖАҢА МЕКТЕПТІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫМЕН ҰШТАСТЫ. СӘУЛЕТТІ МЕКТЕПТІҢ АШЫЛУЫНА ЖИНАЛҒАН ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚУАНЫШЫН ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ҚАЙРАТ БЕКЕНОВ ПЕН АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВТАР БӨЛІСТІ.



Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстандықтардың өл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауының үшінші бағытында «Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатымен оқушыларға орын жетіспейтіні, мектептердің үш ауысымда оқыту және апат жағдайында болу мейлінше сезіліп отырған өңірлер үшін Үкіметке 2019-2021 жылдарған арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге қарастыруды» тапсырған болатын. Оның жемісі бізді көп күттірген жоқ. Өрине, бұл мектептің іргетасы 2017 жылы қаланғанымен, өртүрлі себептермен тоқтап қалды. Бұл мектеп «сақалды құрылысқа» айнала бастағанда, облыс әкімі Оңдасын Оразалин ауданға сапарын осы мектептің құрылысын жүргізіп жатқан мердігермен кездесуден бастаған еді. Кездесу барысында, облыс басшысы құрылысқа бөлінген қаражаттың кешікпейтініне кепілдік берсе, мер-



дігер «Техно.С» ЖШС-нің директоры Серік Сүйінтаев «Тайсойған ауылының балалары жаңа оқу жылын жаңа мектепте оқиды» - деп үде берді. Міне, орындалған үденің куәсі.

Соңғы екі жылда облыста пайдалануға берілген 21 мектептің бірі осы білім ордасы. Қырық шақты түтін тоғысқан шағын ауыл үшін білім күні нағыз мерекеге айналды. Ауылдас-

тарының қуанышына Ақтөбеден ат сабылтып келген ағайындар да көп. Көгілдір отын құбыры жүргізіліп жатыр. Орталықтандырылған ауыз су жүргізу алдағы күннің еншісінде. Демек, жол бойындағы ауылдың көркейер күні алыс емес.

Ал, салтанатты сәтте сөз алған облыс әкімінің орынбасары Қайрат Әскербекұлы мерекеге жиналған жұртшылықты ауылдағы қуанышпен құттықтап, облыс басшысының сөлемін жеткізе, облыстық білім басқармасының өкілі Света Жұбаева да тайсойғандықтарды тарихи қуанышымен құттықтады. Көп жылдар бойы білім саласында еңбек еткен Кенжебай Қазмағамбетов те шағын ауылға осындай сәулеті мен дәулеті жарасқан мектеп «сыйлаған» азаматтарға аға буынның атынан алғысын жеткізді. Осы мектептің 9 класс оқушысы Керім Жақсыбаев ағаларға алғысын өлең жолдарымен өрсе, мектеп құрылысын межелі мерзімде бітірген «Техно.С» ЖШС-нің директоры Серік

Сүйінтаев мектеп басшысына білім ордасының кілтін салтанатты түрде тапсырды. Мектептің лентасын еңбек ардагері Нұрберген Бержекенов пен Серік Сүйінтаев қиды. Ақ жаулықты аналар шашу шашты. Одан соң, қонақтар «Жақсыны көрмекке» ұмтылды...

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АШЫҚ ТӘРБИЕ САҒАТЫНЫҢ АРҚАУЫ «АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ»



Қазіргі таңда қоғам дертіне айналған сыбайлас жемқорлықты болдырмау шаралары елімізде тоқтаусыз жалғасып келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін құрылған арнайы сарапшы мамандардың мөлiметiнше қоғам дертiнiң негiзгi ошағы медицина, бiлiм салаларында көптеп кездеседi. Сондықтан оның алдын алу мақсатында бiрлесiп атқарылған жұмыстардың нәтижесi жаман емес.

Осы орайда кеше аудан әкiмi Асқар Қазыбаев Ж.Жүсiбалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебiнде «Адалдық алаңы» жобасы аясында 3 б класында өткен ашық тәрбие сағатына қатысты. Онда аталған мектептің 3 б класс оқушыларының класс жетекшісі Айзат Рысқалиева ашық тәрбие сағатын адалдық тақырыбында өрбiттi. Бiр сағаттың iшiнде ұстаздық шеберлiгiн көрсете бiлген

Айзат Тыныштыққызы оқушыларға адамгершiлiк пен адалдық тақырыбын жан-жақты түсiндiрдi. «Ұстаздан шөкiрт озар» демекшi, бастауыш сыныпта оқитын бөбектерiмiз өз белсендiлiктерiн көрсеттi. Ал, аудан әкiмi оқушылардың расында озық ойлы, белсендi екендiгiне тәнтi бола отырып, олармен ашық сұхбат құрды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

МЕРЕКЕЛІК ЖӘРМЕҢКЕ МАЛ АЗЫҒЫНА ҚАРҚ ҚЫЛДЫ

Жұма күні Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай аудан орталығында мерекелік ауыл-шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеде тұрғындардың негізгі сұранысы ескеріліп, мал азығын әкелуге маңыз берілді. Яғни, барлығы 15 шаруашылық 50 рулон мен 4500 тьк әкелсе, «Қараой» шаруа қожалығы 20 тонна арпаны арзан бағамен сатты. Ал, күздің ызғары сезілгенің, қызылсырап, ет іздегендерді «Мұрагер» шаруа қожалығының семіз сиырының еті еріксіз тартты. Жәрмеңкеге келгендердің назарын аударған 20 тоқты да мерірін тез тапты.

Сонымен қатар, сүт өнімдерін сатушылардың да саудасы қызды. Бақша өнімдерін алуға асыққандар да аз емес. Ойылдық бағбандар 3 тоннаға жуық көз тартар күздің кереметін ұсынды. Ал, сахнадан



төгілген өн мен арнайы дастарханнан ұсынылған ыстық шөй жәрмеңкеге келгендерге күздің лебін сездірмей,

көңілдерін сергітті.
С.ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ АҚ ТІЛЕККЕ ҰЛАСТЫ

Биыл 1-ші қыркүйек білім күні аптаның жексенбісіне келгенімен алтын уа мектебіне жан-жақтан ағылып, асыға жеткен оқушылардың қарасы көп болды. Жылма-жыл балғындарымызды білім нөрімен сусындатып, түлектерін қиға ұшырған Ойылдағы үш мектеп те биылғы оқу жылына тас түйін дайын екендерін көрсетті. Таңертемен алғашқы қоңыраудың үні сыңғырлап, жаңа мектеп табалдырығын аттаған бөбектерімізге сөт сапар тілектері айтылды. Осындай алғашқы қоңыраудың айғақты жарқын көрінісі Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде өтті. Мұнда да ата-аналар ізгі тілектерін білдіріп, өр сыныптағы оқушылар ұстаздарымен сағына қауышты. Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің директоры Маржан Жонысова биылғы оқу жылына мектептің толықтай дайын екендігін және жаңа оқу жылына даярлық тобына қабылданған 53 оқушыдан бөлек 444 оқушымен бастағалы отырғандығын жеткізді. Айтулы мектептегі алғашқы қоңырау-



дың ашылу салтанатына кве болған аудан әкімінің орынбасары Асылан Кенжебаев барлық оқушыларға оқуда озат болуға шақырса, аудандық білім, спорт және дене шынықтыру бөлімінің мамандары аудандағы білім саласы туралы қысқаша мәліметтер

берді. 2019-2020 жаңа оқу жылын біздің аудандағы 23 білім беру ұйымы 3300-ге жуық оқушымен бастап отыр. 1-ші класқа 360 оқушы қабылданған.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

ПОЛИЦЕЙЛЕР АУДАНЫҢ ЧЕМПИОНЫ



30 ТАМЫЗ КҮНІ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІНІҢ ЖҮЛДЕСІ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ МЕКЕ-МЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДА ША-ҒЫН ФУТБОЛДАН ӨТКЕН ЖАРЫС ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.

Айналымдық жүйе бойынша өткен жарыста текетірес соңғы турға дейін сақталды. Біреулері жеңіске ұмтылса, біреулері турнирлік кестеге қарап, есеппен ойнауға тырысты. Өрине, «әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады» - дегендей, ішкі істер бөлімінің жігіттері ешкімнің ішкі есебіне мүмкіндік берген жоқ.

Сөйтіп, финалға бергісіз ойында Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияның жігіттеріне сан соқтырған полицейлер бас жүлдеге ие болды. Яғни, соңғы ойынның нәтижесі 3:1.

Жарыстың жабылу салтанатына қатысқан аудан әкімі Асқар Қазыбаев жеңімпаздарды марапаттап, ауыспалы кубокты тапсырды. Сонымен қатар, жарыстың үздіктері де марапаттан құр қалған жоқ.

2019 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫҚ БІЛІМ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	Меруенов Серік Төлегенұлы Бөлім басшысы	Дүйсенбі күндері Сағ:15:00 ден 17:00 ге дейін Тамыз 5, 12, 19, 26 Қыркүйек 2,9,16,23,30 Қазан 7,14,21,28 Қараша 4,11,18,25 Желтоқсан 9,23,30	Ойыл селосы Көкжар көшесі №56	2-17-44
Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	Уткелбаева Сандигүл Аманжановна Бөлім басшысының орынбасары	Сәрсенбі күндері Сағ:10:00 ден 12:30 ға дейін Шілде 3,10,17,24,31 Тамыз 7,14,21,28 Қыркүйек 4,11,18,25 Қазан 2,9,16,23,30 Қараша 6,13,20,27 Желтоқсан 4,11,18,25	Ойыл селосы Көкжар көшесі №56	2-11-34

ХАБАРЛАНДЫРУ

2019 жылдың 5 қыркүйегі күні сағат 15:00 - де Ойыл ауылдық округінде Ойыл ауылындағы атаусыз көшелерге көше атауларын беруге байланысты жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді:

Күн тәртібіндегі мәселе:
Серікбай Төлеубаевқа, Аққайдау Нұғымановқа, Қожас Қарабалиевке көше атауларын беру туралы.
Осы мәселеге байланысты өз ұсыныс пікірлеріңіз болса 21020, 21444 телефондары арқылы хабарласуларыңызға болады.
Ойыл ауылдық округінің әкімдігі

Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы аудандық ауруханасының экономист қызметкері Есенғарина Жанаргүлдің енесі
Есенғарина Райсаның
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып отбасына көңіл айтады.

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Есенғарин Талғатқа анасы
Райсаның
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ойыл аудандық орталық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Саралжын дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі Қызылова Гүлшаттың жолдасы
Қарамолдин Нұрымжанның
және Саралжын дәрігерлік амбулаториясының тазалықшысы Есқалиева Ақжанның жолдасы
Есқалиев Саматтың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып отбасына көңіл айтады.